

«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Құмкент ауылы

2022 жыл

ХАТТАМА №1

05 қыркүйек 2022 жылы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 10

Қатысқаны: 9

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Жас мамандарды ішкі еңбек тәртібімен таныстыру.
2. Тәлімгерлер мен жас мамандар арасындағы жұмыс жоспарын бекіту, таныстыру жайында.
3. Жас мамандардың жұмысын бақылау.
4. Жас мамандарға сауалнама жүргізу
5. «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес.
6. Тақырыбы: «Үштік одақ арасындағы қарым - қатынас».

ТЫҢДАЛДЫ

1. Әдіскер О.Татимова:

2022-2023 оқу жылында ортаңғы топ тәрбиешісі Пернебек Жазира жас маман ретінде жұмыс тәжірибесін жүргізуде. Ең алдымен биылғы оқу жылына арналған балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережесімен таныстырылды. Ішкі еңбек тәртібінің ішіне жұмыс уақытын сақтау, педагогикалық әдептілік, ата-анамен қарым-қатынас, балалармен қарым-қатынас, әлеуметпен ықпалдастық, т.б кіретіні түсіндірілді.

2. Әдіскер О.Татимова:

Жас маман Пернебек Жазираға былтырғы оқу жылында тәлімгер болып тәрбиеші Әділбекова Роза бекітілген болатын. Биылғы жылы да тәлімгерлік жұмысын жалғастыратындығы ескертіле отырып, жас маман мен тәлімгер арасындағы жылдық жұмыс жоспарының құрылу керектігі және оны іске жұмыс барысында асыру керектігі айтылды.

3. Тәлімгер Р.Әділбекова:

Жас маманның жұмыс тәжірибесін толықтыруда 2022 жылдың ақпан айынан бастап, жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстардың жүргізіліп келе жатқандығын, сондай-ақ, биылғы жылдағы біршама өзгерістерге байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізгендігін, ендігі жерде сол жұмыстардың атқарылу барысына бақылау жүргізетіндігін атап өтті.

4. Әдіскер О.Татимова:

Жас маманмен биылғы оқу жылының өзгерістері, оның құрылымдары туралы бірнеше ауызша сауалнамалар алды. Әлі де түсіндіру жұмыстарының қажет екендігіне көз жеткізілді.

5. Тәлімгер Р.Әділбекова:

«Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты тақырыппен барлық топ тәрбиешілері ашық көрсетілімдер ұйымдастырып, тәжірибе алмасса нұр үстіне нұр болар еді деген өзінің ұсынысын білдірді.

Бұл ұсынысқа барлық педагог мамандар бір ауыздан келісетіндіктерін білдірді.

6.Г.Терискенбаева: Жас маманның жұмыс барысында ең негізгі басшылыққа алатыны үштік одақпен байланыстың жандануы. Сонда ғана алға қойылған жұмыс міндеттері орындалып, іске асатындығын айтып өтті.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібін сақтап жұмыс атқару басшылыққа алынсын.
2. Тәлімгер мен жас амаман арасындағы жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілсін.
3. Жас маманның жұмысын бақылап, әдістемелік көмек көрсету, тәлімгері Р.Әділбекова мен әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын.
4. Нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару үшін жас маманмен түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын.
5. Топ тәрбиешілермен жас маман арасындағы тәрбиелік және педагогикалық процестің байланысы жасалсын.
6. Үштік одақпен жұмыс жүргізуді жандандыру мақсатында жас маманға тәжірибе жинақтауда барлық топ тәрбиешілерінен көмек көрсетілсін.



Менгеруші
Әдіскер

Т.Бимырзаева
О.Татимова

Құмкент ауылы

2022 жыл

ХАТТАМА №2

28 қараша 2022 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 10

Қатысқаны: 9

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.Әдістемелік көмек. Тақырыбы:«Нормативтік құжаттар»
- 2.«Тәрбиешінің жаңашылдық қызметі жайлы түсінік»

ТЫҢДАЛДЫ

1.Әдіскер О.Татимова

Жас маманмен биылғы 2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатында көрсетілгендей нормативтік құжаттармен толық таныстырылды. Сондай-ақ, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хаты интернет желісінен көрсетілген сайттан алынып берілді.

Тәлімгер Ж.Бижанова: Қазіргі таңда жоспарға сәйкес, үлгілік оқу бағдарламасындағы кіші топтың физикалық қасиеттерді меңгеру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлім түсіндірілді. Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекеттерім, режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмма бойынша көрсетіп, тәжірибе алмастым. .

2.Әдіскер О.Татимова: Жас маманмен биылғы оқу жылының алғашқы ашық көсетілімдеріне кіріп, өз тәжірибесін толықтыруға, тұшымды ой түюге, өзінің шығармашылық ізденісін арттыруға деген құлшыныс пен серпін беретін ересек, ортаңғы, кіші топтарда балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ашық көрсетілімдер, ашық есік күндеріне ене алатындай мүмкіндік беретін жұмыстар жүргізілді. Осы көретілімдегі жұмыстарды іс тәжірибелеріне ендіреді деген сенімдемін.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару үшін жас маманмен түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын.
2. Топ тәрбиешілермен жас маман арасындағы тәрбиелік және педагогикалық процестің байланысы жалғастырылсын.



Меңгеруші

Т.Бимырзаева

Әдіскер

О.Татимова

Құмкент ауылы

2023 жыл

ХАТТАМА №3

27 қаңтар 2023 жылы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Искерлік ойын: Ұйымдастырылған іс-әрекетке рефлексия жасау (Психолог Г.Абдуллаева)
2. Жас маманмен сауалнама жүргізу. (Тәлімгер Р.Әділбекова)

ТЫҢДАЛДЫ

1. Әдіскер О.Татимова

Балабақшамыздағы жас маман Пернебек Жазира Бактиярқызы тығыз байланыста жұмыстар жүргізілуде. Тәрбиеші өзінің әріптестерінен үйренген жұмыстарын, алған кеңестерін, әлеуметтік желі арқылы алған көмектерін, күнделікті жазып алып, оны өзінің тәжірибесінде қолданып жатқанын тақырыптық бақылаулар арқылы көріп отырмын.

Психолог Г.Абдуллаева:

Күнделікті жұмыс барысында, оның ішінде ұйымдастырылған іс-әрекетте рефлексия, яғни өткенді еске түсіріп, оның жадыда сақталуына ықпалын тигізетін ойын ұйымдастырды. (Мәлімет қоса тігілді.)

Тәлімгер Р.Әділбекова: Қазіргі таңда жоспарға сәйкес, үлгілік оқу бағдарламасындағы кіші топтың физикалық қасиеттерді меңгеру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлімді түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекеттерім, режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмма бойынша көрсетіп, тәжірибе алмасуды да жалғастырудамын. Балабақшадағы тәрбиешілердің іс-әрекеттеріне еніп, тәжірибе алмасуды үнемі қадағалап отырмын деді. Сондай-ақ, жас маманға дайындап келген ауызша және жазбаша сауалнамаларын жүргізді. .

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Искерлік ойын бойынша жұмыстың одан әрі қарай жүргізілуінің жандандырылуын назарда ұстау керек.
2. Тәлімгер бүгінгі отырыста жас маманнан ауызша және жазбаша алған сауалнамалары бойынша анализ жасап, қорытындысын келесі жас маман отырысына дайындасын.



Меңгеруші

Т.Бимырзаева Т.Бимырзаева

Әдіскер

О.Татимова О.Татимова

Құмкент ауылы

2023 жыл

ХАТТАМА №4

29 мамыр 2023 жылы «Балдырған» бөбекжай-балабақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысын талдау.
2. Тренинг. Тақырыбы: «Мамандығым- Мақтанышым»

ТЫҢДАЛДЫ

1. Тәлімгер Р.Әділбекова

Балабақшамыздағы жас маман Пернебек Жазира Бақтиярқызымен тығыз байланыста жұмыстар жүргізілді. Тәрбиеші өзінің әріптестерінен үйренген жұмыстарын, алған кеңестерін, әлеуметтік желі арқылы алған көмектерін, күнделікті жазып алып, оны өзінің тәжірибесінде қолданып жатқанын тақырыптық бақылаулар арқылы көріп отырдым.

Үлгілік оқу бағдарламасындағы кіші топтың физикалық қасиеттерді меңгеру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлімді түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекеттерім, режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмма бойынша көрсетіп, тәжірибе алмасуды да жалғастыруда. Балабақшадағы тәрбиешілердің іс-әрекеттеріне еніп, тәжірибе алмасуды үнемі қадағалап отырмын,- деді.

Психолог Г.Абдуллаева:

«Мамандығым,мақтанышым» тақырыбында ойын іс-әрекет ұйымдастырды. Мұндағы мақсат жас маманның өз ісіне деген қызығушылығы мен ізденісін арттыра түсу мақсатында. (Мәлімет қоса тігілді.)

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Тәлімгердің бүгінгі отырыста жас маманға берген қорытындысы назарға алынсын.
2. Іскерлік ойын бойынша жұмыстың одан әрі қарай жүргізілуінің жандандырылуын назарда ұсталу керек.



Меңгеруші Т.Бимырзаева

Әдіскер О.Татимова